



FinePower JT505 ағыншалы түтігі

Құрылғының мақсаты

Жоғары қысымды жуғыштарға арналған майысқан ағыншалы түтік жетуі қиын жерлерді тазалауға арналған.

Сақтық шаралары

- Жоғары қысымды ағынды адамдарға немесе жануарларға бағыттауға тыйым салынады.
- Құрылымға өзгерістер енгізбеңіз!
- Бөліктері сынған немесе жетіспейтін құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Сіздің жоғары қысымды жуғышыңыздың нұсқаулығында сипатталған барлық сақтық шараларын сақтаңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: JT505.
- Түтіктің ұзындығы: 50 см.
- Максималды қысымы: 180 бар.
- Минижуғыштармен үйлесімділік: Huter, Stihl, Nilfisk, FinePower (HPC0420 үлгісінен басқа), Karcher (K2-K7), Bosch Aquatak AQT 33-10, Bosch Aquatak AQT 33-11, Bosch Aquatak AQT 35-12, Bosch Aquatak AQT 37-13, Bosch Aquatak AQT 40-12, 42-13, Bosch Aquatak AQT 45-14, Makita/AR Blue.
- Жинақталымы: ағыншалы түтік, саптамалар ұстағыш, тозаңдатқыш саптамалар 0°/15°/25°/40°, көбік шүмегі, FinePower & Bosch, Karcher, Huter адаптерлері, бұранданы тығыздауға арналған тефлон таспа.

Кепілді міндеттемелер

Сақтау шарттары сақталған жағдайда өндіруші бүкіл сақтау мерзімі ішінде материал мен құрастырымда ақаулықтардың жоқтығына кепілдік береді.

Кепілдік мерзімі: 3 ай.

Пайдалану мерзімі: 6 ай.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай-да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қояуды қажет етпейді.
- Құрылғы өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі температурасында және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұл бұйымның кәдеге жаратылуы қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сай жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтарды бақылаусыз шығару нәтижесінде қоршаған орта мен адамның денсаулығына келетін әлеуетті зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқыс шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Нинбо Миньгоу Клининг Эквипмент Ко., Лтд.
Бэйхай тас жолы, 26, Бэйлунь, Нинбо қ., Чжэцзян пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНСКАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Қазақстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары және жинақталымы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.